

Қосымша дәрі-дәрмектер беру туралы

Күші жойған

Алматы қаласы мәслихатының VI сайланған кезектен тыс III сессиясының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 10 шешімі. Алматы қаласының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 сәуірде № 1276 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2021 жылғы 18 қыркүйектегі № 94 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 18.09.2021 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орфандық аурулармен ауыратын азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде қосымша илопрост (вентавис) және руксолитиниб (джакави) дәрі-дәрмектері тегін берілсін.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымы Х. Есеноваға және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А. Қырықбаевқа (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған

Алматы қаласы мәслихатының
кезектен тыс III сессиясының
төрағасы, мәслихат хатшысы

Қ. Қазанбаев